



МУХТАР АЗАЛЫ



№68
(2133)
Сәрсенбі
2 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен 2023-2024 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде жиын өтті.

Жалпы, аудан көлемінде 165 әлеуметтік-мәдени нысан жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Ал алдағы жылу маусымына 20,0 мың тонна қатты отын және 2,3 мың тонна сұйық отынға қажеттілік жоспарланып отыр.

Басқосуда аудан басшысы білім, мәдениет және спорт, денсаулық салалары бойынша жылу



қазандықтарының дайындығын сұрады. Сондай-ақ, әрбір сала жылу беру маусымына дайындықты күшейтуді тапсырды.

Бұдан бөлек, жауапты бөлім басшыларына жуық арада көмір тасымалдаушылармен кездесу ұйымдастыруды тапсырды.

Маңызды мәселелер жан-жақты талқыланып, кейін аудан әкімі аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ - БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан 250 орындық мектепке арнайы барып, құрылыс жұмыстарымен танысты.

Достық көшесінің бойындағы білім ошағында жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Аудан басшысы мердігер мекеме қызметкерлеріне құрылыстың сапасына мән беру қажет екенін және нысанның қатаң бақылауда болатынын ескертті. Сондай-ақ, адам санын көбейтіп, екі ауысыммен жұмыс істеуді тапсырды.

Өз кезегінде Ғазиз Әлмәмбетұлы да нысанның әрбір жұмысына ұқыптылықпен қарауды жүктеді.

Мұнан соң аудан басшысы мен аудандық мәслихаттың төрағасы Қ.Пірімов ауылдағы Қ.Күлетов атындағы №92 мектептің күрделі жөндеу жұмыстарын көрді.

Ғимараттың іші-сыртындағы жұмыстарды толық аралап көрген Мұхтар Әуесұлы шатырын жабудағы кейбір кемшіліктерді атап өтті. Соған сәйкес мердігер мекеме мамандарына қатаң тапсырма беріп, назарда болатынын жеткізді.

Сонымен қатар, құрылыс жұмыстарын жеделдетіп, нысанды тамыз айының 20-сына дейін тапсыру керектігін ескертті.

«БОЗКӨЛ» АУЫЛЫНДА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Бозкөл» ауылына барып, жаңадан бой көтеріп жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысты.

Мердігер мекеме – «Болашақ» ЖШС қызметкерлерімен кездескен аудан басшысы құрылысқа жауапкершілікпен қарау қажет екенін айтып, жыл соңына дейін ел игілігіне беру қажет екенін

ескертті.

Өз кезегінде ауыл ақсақалдары округте салынып жатқан құрылыс жұмысы үшін аудан әкіміне алғысын айтып, ендігі кезекте балабақша мәселесін шешіп беруді сұрады.

Мұхтар Әуесұлы тұрғындардың көкейінде жүрген түйткілдердің кезең-кезеңдерімен шешім табатынын тілге тиек етті.

Айта кетейік, ауыл халқын қуанышқа келтіретін нысан үшін – 400 млн. теңгеге жуық қаржы қаралған.

Мұнан соң аудан басшысы аудандық маңыздағы «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысын көрді. Жауаптыларға тиісті тапсырмаларды жүктеп, жеделдетуді тапсырды.

ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАНДЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Қазалы ауданының 95 жылдығына орай «Құмжиек» ауылдық округі жастарының ұйымдастыруымен волейболдан «Достық кубогі - 2023» аудандық жарысы өтті.

Қ.Пірімов ауылдағы спорт кешенінде

өткен сайысты аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов ашып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Аталған жарысқа бірнеше елді мекеннен 8 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Нәтижесінде I орынды «Құмжиек» командасы иеленді. Ал, II орын «Құмжиек» жастарына бұйырса, III орынға Жалаңтөс батыр ауылының спортшылары қол жеткізді.

Жарысқа қатысқан әрбір командаларға ынталандыру сыйлықтары мен үздік деп танылған ойыншыларға түрлі номинациялар бойынша қаржылай сыйақы табысталды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ШАР БОЛАТТАЙ ШЫҢДАЛҒАН ҚҰРЫШ КЕУДЕ

Алты Алашқа жаугершілік заманда Ана да, пана да бола білген ырыздықты Сыр бойында тусақ та, тағдырдың жазғанымен, қызмет бабымен кейінгі жарты ғасырда жер жаннаты Жетісуды мекендеген өз басым ел десе елеңдеп, оның атпал азаматтарының жарқын ісіне құмартып отыратын әдетпен «ауырғаныма» да біраз жылдың жүзі болды. Жуырда жаңалықтың жаршысы саналатын қазалылық інімнің фейсбук парақшасынан біздің әңгімеміздің кейіпкері Самұрат Имандосовты жетелі жетпіс бес жасқа толуына орай облыс әкімі Н.Нәлібаев қабылдап, Сыр елі экономикасының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапаттағанынан хабардар болдым. Ізін суытпай желі арқылы «Замандасым, құрдасым, қадірменді Сәке! Біз өзінді әркімнің Мысыр шаһарына бергісіз киелі жерге желбірете туын тіккен білікті, іскер, парасатты азамат әрі руханият жанашыры деп білеміз. Дәл осылайша бағалаймыз. Жетпіс бес жасыңыз құтты болсын! Ел ықыласына бөлене беріңіз!», – деген ақ тілегімізді жолдадық. Қолға қалам алар тұста сонау кейінде қалған, отыз жыл бедеріндегі алғашқы дидарласу сәті көз алдымнан көлбеңдеп өте берді...

Әлі есімде, 1994 жыл есік қаққан тұста, біржар әдебиетші ғалымдардың байыбына бармай, яғни Сырдың саңлақ сүлейі Қарасақал Ермбет 1844 жылы туып, 1916 жылы дүниеден озды деген жаңсақ пікірдің желеуімен (кейінгі тұжырым 1850-1911 жылға берік тоқталды) шайырдың кіндік кескен Қазалы өңірінде 150 жылдығын атап өту мәселесі туындады.

Ауданда кадрлық ауыс-түйіс болып, 1994 жылдың 24 ауырынан билік тізгінін танымал инженер-гидротехник, іргелі су мекемесінің басшысы, Самұрат Имандосов ұстады. Сұрастыра келсем, менімен құрдас, бір жылдың төлі болып шықтық. Жазған құлда шаршау бар ма?! Бастаған істі аяғына дейін жеткізу мақсатында (Бұл тіркесті Сәкеңнің өзі де жиі пайдаланады) көп ұзатпай 1994 жылдың 18 мамырында аудан әкімінің атына хат жолдап, Ермбет шайырдың алдағы мерейтойын өткізу, есімін жаңғыртып, ұлықтауға қатысты ұсыныс-тілегімді жеткіздім. Жауап хатын тоспастан бірді-екілі рет телефонмен байланыстым. Оң қабақ танытқан ықылас-пейілін аңғарған соң жылдың соңындағы еңбек демалысымда Сырдың Қазалысы қайдасың деп, тартып кеттім. Жолы болар жігіттің демекші, Сәкең жылышұрай қарсы алды. Ақылдаса келе ауданның ардақты ақсақалдары мен беделді азаматтарының басын қосып, алғашқы кеңесу жиынын өткізуге тоқталды. Аппарат басшысына нақты тапсырма берді. Іштей «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», – деген осы шығар деп ризашылық таныттым.

Көшелі іс келелі кеңесуден басталары бар. Жадымда, жазба блокнотымда сақталғандай, аталған жылдың (1994 ж.) 14 қарашасында



аудан әкімінің кабинетіне шайырдың алдағы атаулы күнін өткізуге мүдделі әрі беделді азаматтар жиналды. Олардың қатарында: шежіреші Ө.Ахметов, этнограф-тарихшы Ө.Оспанов, газет редакторы Ө.Әлішев, бөлім меңгерушілері:

Ж.Мәкенәлиев, Қ.Аймағамбетов, Ш.Алтынбаев, Ш.Айтуғанов, ақын туыстары: Б.Рыстығұлов, М.Табынбаев т.б. болды. Көпті көрген, көпшілік пікіріне құлақ асатын, мәселенің мән-жайына қаныққаннан соң барып отырысты қортындылап, түйінді сөз айтуға дағдыланған Сәкең бұл жолы да туа бітті қасиетіне сай кесек, ірі турайтын, тығырықтан қиналмай жол таба білетін жаңа тұрпаттағы іскер де табанды, көреген де болжампаз басшы екенін пәтуалы сөзімен, берекелі ісімен жарқырата дәлелдеді. Сондағы көкейге қонғаны:

– Ардақты ағалар, қадірменді іні-қарындастар! Қоғам мен заманның тепірешті алағай-бұлағайлығынан есімі ескерусіз қалып келген Ермбеттей шайыр атамызға жаңа дәуірге сай елдік құрмет көрсету ісі туған топырағы Қазалыдан басталады. Сондықтан аянып қалмай, үлгі-өнегені алдымен өзімізден бастауымыз қажет. Осы тұрғанда алдағы игі шараға аудан бюджетінен бөлінетін қаржы тапшы. Тіпті жоқтың қасы. Сондықтан еңбек ұжымдарына, ауқатты жеке азаматтарға арқа сүйенетін боламыз. Түсіндіру жұмыстарын газет пен ауызша үгіт-насихат арқылы жандандырамыз. Түбінде ауданаралық маңызға ие (Қазалы, Арал, Қармақшы ауданын қамтитын) болатын бұл игі-шара елдің бірлігін күшейтумен қатар ұмыт қалған, тозаң тұтқан жақсы мен жайсандарымызға құрмет көрсету, есімін ұлықтау үшін қажет. Кейінгі жасқа үлгі көрсету жағы тағы бар. Қазіргідей өтпелі кезеңдегі экономикалық және тұрмыстық қиындықтар шашетектен болса да осы отырысқа қатысушылардың қай-қайсысы да жерге қарап, мүтәж күй кешіп отырмағанын білемін. Үлгіні ең алдымен өзімнен бастаймын. Шайырдың болашақта кітабы мен портретін шығару, қабіріне құлыптас, көшеге тақта орнату, ас беру секілді шара қоржынына отбасымның атынан қаржылай үлес (ұлттық теңгеміздің айналымға

қосылған сәті) қосамын. Азаматтар мен алақаны ашық демеушілерді де осыған шақырамын. Іске сәт, ағайындар!, – деп қортынды сөзін айтты.

Сәкеңнің алыстан сермеп, жүректі тербеген кесекті сөзі мен ой-пікіріне барынша риза болған майдангер, шежіреші қаламгер Өмірзақ ағамыз жиын соңында аудан әкімі мен жиналғандарға арнап ақ батасын берді, халықтық іске сәттілік тіледі.

Өздеріңіз де байқап, сезгендеріңіздей, араға ұзақ жылдар салып барып өз заманында, кейінгі дәуірде де назым сөздің шебері, нұсқалы сөздің кестесі атанған Қарасақал Ермбет шайыр мұрасының толық мәнде жарық көруіне, есімін қастерлеу, оған елдік құрмет көрсету іс-әрекеті бүгінгі таңда жетелі жетпіс бестің желкенін көрген Самұрат сынды ел ағасының іргелі ауданның тізгінін берік те сенімді түрде ұстап, жоғарғы жаққа жалтақтамай батыл қимылдап, сарабдал шешім шығаруы, ел-жұртты иландырып, ізіне ерте білуінің арқасында жемісті жүзеге асқандығын ыстық ілтипатпен, асқан құрметпен, бүкпесіз атап өту бүгінгі аға буын өкілдерінің абзал борышы саналса керек. Атамыз қазақ «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – деп текке айтпаған ғой! Туған топырағы Қазалы өңірінің экономикалық-әлеуметтік дамуын жеделдету, халқының әл-ауқатын жақсарту үшін ерулі атқа ер салмай мінген, серпінді қимыл танытқан, бүгінде ел ағасы, көп құрметтісі атанған Самұрат Жұманұлы құрдасымының ортаймаған қазаны, қазыналы Қазалыны айтпағанда жалпақ жатқан Сыр өңірінің руханият, онда да өнері мен білім саласына, баспасөзіне бірыңғай жанашыр да қамқоршы, Атымтай жомарт, меценат бола білуі көңілге қуаныш ұялатады

Мемлекеттік қызметті абыройлы атқарып, кәсіпкерлік салаға ден қойған ел ағасы 1996 жылы алдымен «Жер-су» АҚ вице-президенті, президенті бола жүріп, 2000 жылы бұл саланы жетілдіріп, өрісін кеңейтіп, бүгінгі таңда атақ-даңқы шартарапқа тараған «РЗА» АҚ президенті болып, тынымсыз еңбек етіп келеді. Сенімді

серіктері (вице-президенттер) арқылы аталған қоғамның күш-қуатын «РЗА-Агро» (егіншілік), «РЗА-Асыл-түлік» (асыл тұқымды мал), «РЗА-Сүт» (сүт өнімдерін өндіру), «РЗА-Транс» (көлік пен жүк тасымалдау) сынды ЖШС өркен жайып, рентабельді жұмыс істеуде. Жүз емес-ау мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуда. Руханияттың бір тармағы – баспасөз болса, Сәкеңнің тікелей ықпал етуінің арқасында өткен жылы Қызылорда облысына тарайтын аймақтық «Тұран – Қазалы» газетіне акционерлік қоғам ұжымы атынан мың данаға жазылуды ұйымдастырды. Жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы кезінде де мектеп оқушыларына көрсетіп отырған көмегі шаш етекпен. Өнер мен спорт саласы, имандылық пен ізгілік шаралары да назардан тыс қалған емес. Әйтеуір, қолдан келер көмегін көрсетуден аянған, тартынған жері жоқ. Күні кеше ғана Қазалы стансасының шығыс бөлігінде жаңадан бой көтерген сәулетті мешіттің құрылысы мен ашылу салтанатына Сәкеңнің жеке басы және акционерлік қоғам ұжымы жанды қолдау көрсетіп, сүбелі үлес қосты.

Ердің атын еңбек шығарары бар ғой қашан да! Адал еңбектің әділ бағасын сезініп, қанаттанып, қайраттанып жүрген, туған жерге желбірете туын тіккен менің мақтан тұтар құрдасым (елдің де қастерлісі) Отан мен ел алдындағы сіңірген еңбегіне орай әр жылдары Үкімет тарапынан, әсіресе Тәуелсіздік кезеңінде алған әр деңгейдегі марапатының «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» орденінің қатарын ТМД елдерінің экономикалық шеңберіндегі Халықаралық қатынастар аясындағы елеулі жетістіктері үшін берілген Халықаралық «Звезда Содружества» ордені (2000 ж.) толықтырды. Сондай-ақ, интеграциялық үдерістің дамуына қосқан үлесіне сай Еуропа Ассамблеясының ұсынуымен ие болған «Біріккен Еуропа» Халықаралық марапаты ел ардақтысының атақ-даңқы шар тарапқа тарағанын айғақтаса керек. Сәкең қалың елдің бағына қарай туған ер.

Түйіндей келсек, ел аузында жайсаңдығымен жиі айтылатын, Қазалы ауданы мен Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», ұзақ та мағыналы ғұмырдың, яғни бір ғасырдың төрттен үш бөлігін ширақ та сергек күйде игерген ардақты азамат, шар болаттай шыңдалған құрыш кеуде Самұрат Имандосовтың Алланың шарапатымен, халқының қолдауымен сүйікті еліне берері, руханият саласына қосар үлесі әлі де баршылық деп білеміз. Даналығыңа даналық, шабысыңа шабыс қоса бер, бүгінгі күннің саңлақ тарланы, ақиық азаматы дегіміз келеді. Қанатың талмасын, әруақтар қолдасын! Біз өзіңмен мақтанамыз, Сәке!

Қараша ҚАРАМАН,
журналист,
Алматы облысы

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ



Нағыз ұстаз болу – бақыт, әрі абырой. Ұстаз болу оңай емес. Ол кез келген адамның қолынан келе бермейтін мамандық. Қай кезде өмір сүрсе де, мектеп есігін ашқан жан ұстаз алдынан өтетіндігі белгілі. Осы бір ежелден келе жатқан байырғы мамандық иесі алдында кісілігін ұмытып кішірейетін, балалық балдәуренді қайта бастан кешіріп қобалжитын, ұстаздың құдіретті күшін, өнегелі ісін көріп сезінген адамды нағыз адам деп білу ләзім.

Ұстаздық қиындығы мен қызығы мол қызмет. Осы қызметті абыройлы атқарып, елдің есінде қалған ұстаздар аз емес. Осындай ұстаздардың бірі – Қилыбаева Күләнай Нұртазақызы еді. Өзінің биязы мінезімен, жағымды дауысымен, мәдениеттілігі мен әдептілігі астасқан ұстаз бейнесі елдің есінде ұмытылмақ емес.

Қилыбаева Күләнай Нұртазақызы 1948 жылы

9 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы қаласында көп балалы отбасында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдап, жоғары оқу орнын бітіріп, жоғары білім алған қыз еңбекке ерте араласты.

1967 жылы алғашқы еңбек жолын Қазалы ауданы, «Өркендеу» совхозындағы №104 сегізжылдық орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған.

1971 жылы Қазалы қаласындағы кешкі мектепке орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып ауысып, 1972-1978 жылдары Ғани Мұратбаев атындағы №17 орта

мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды.

1978-1988 жылдары Қазалы қаласындағы №34 кәсіптік-техникалық училищесіне орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы қызметіне ауысып, 1992-1996 жылдары Қазалы қаласындағы №2 «Айгөлек» балалар бақшасының меңгерушісі қызметін атқарды. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін 1995 жылы 21 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» белгісімен (Қуәлік №20217) марапатталды. Бұл Күләнай Нұртазақызының ұстаздық қызметтегі адал атқарған еңбегінің жемісі еді.

К.Нұртазаева 1997 жылы бұрынғы қызмет атқарған ұжымы №8 кәсіптік – техникалық училищесіне қайта оралып, өмірінің соңына дейін шәкірттерге сүйікті ұстаз, ұжымына сыйлы әріптес бол-

ды.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде жиырма жылға жуық еңбек еткен Күләнай Нұртазақызының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы еңбегі зор еді. Оқытушылық қызметте шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының білім алушылары арасындағы өткен пән олимпиадаларында шәкірттері жүлделі орындар алып, оқу орнының абыройын асқақтатты.

«Жақсы ұстаз болу үшін екі-ақ нәрсе қажет: біріншісі – терең білім, екіншісі – үлкен жүрек» - деген Л.Н.Толстой. Шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеудің өте қиын іс екендігін өз тәжірибемнен білемін. Бар қиындықты жеңу үшін ұстазда бірінші балаға деген сүйіспеншілігі болу керек, баланы жақсы көру, сүйу керек. Онсыз нағыз мұғалім болу жайлы айтудың өзі артық. Ал бұл ұстаздың білімі де, ішкі дүниесі де бай, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, мінезінің ашық жарқын, мейірімді болуы, өзгені сол қалпында қабылдай алу қасиеттері жоғары болатын.

Күләнай Нұртазақызы ұстаз ретінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары арасындағы «Жыл оқытушысы» облыстық байқауына қатысып, жүлделі орын иеленді. Облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының бірлестік отырыстарында іс – тәжірибелерін бөлісіп отырды. Оның бір айғағы – оқу орны базасында облыстық семинар ұйымдастырып, Қызылорда қаласы мен Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырда-

рия, Шиелі, Жаңақорған аудандарынан келген техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларына кабинет жабдықтау, оқу-әдістемелік материалдар мен көрнекі құралдарды дайындау, сабақ процесінде диафильмдерді пайдалану тәжірибесін таратты.

Күләнай Нұртазақызы жұбайы Мәтішев Игісін ағамен бірге 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлы Сағдат пен қызы Гүлжанат Қарағанды қаласында тұрады. Қызы Эльмира Әйтеке би кентінде, кенже ұлы Қанат қарашаңырақта әкесінің қолында тұрады. Ұлдары мен қыздары жоғары білімді мамандық иелері, бір-бір шаңырақтың отағасы мен отанасы.

Әттең, Күләнай Нұртазақызы 2006 жылы 3 қаңтарда 57 жасында қайтыс болып, өсіріп, баққан балаларының қызығын көре алмай кетті.

Шүкір, ата – ананың тәлімді тәрбиесін алған балалары ата – анасының атына кір келтірмей адал қызмет атқарып жүр.

Таулар алыстаған сайын биіктей түседі. Аяулы жар, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі, ұлағатты ұстаз Күләнай Нұртазақызының өмірден өткеніне биыл 17 жыл болды. Тамыз айында жолдасы Игісін аға мен ұл-қыздары ана рухына тағзым етіп, ас беруге дайындалуда.

Ұлағатты ұстаз есімі елінің есінде мәңгі сақталады.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, пейіште нұры шалқысын!

Көрмеген қызығын, жасамаған жасын артында қалған ұрпақтарына берсін!

Арман МУСАЕВ,
Қазалы аграрлы –
техникалық колледжінің
директоры,
Қазалы қаласы

● Құттықтаймыз!

ТӨЛ МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Тамыз айының алғашқы жексенбісі

теміржолшылардың кәсіби төл мерекесі. Аталған мерекеге Қазалы теміржолшылары да айтарлықтай табыспен келіп отыр. Сондықтан аға буын теміржолшы ретінде Қазалы теміржолшыларын алда келе жатқан теміржолшылар мерекесімен құттықтап, еңбектеріне табыс, отбастарына амандық, өздеріне зор денсаулық, көл-көсір қуаныш, баянды бақыт тілеймін.

Ардагер теміржолшылардың қатары сиремей ұжымда

еңбек етіп жатқан әріптес ізбасарларының қуанышына әрқашан ортақтасып, жақсы істеріне куә бола берсін. Жүздері шаттыққа толып, жас буынның қуанышына шын көңілмен ортақтаса берсін деймін.

Жақсылық КӨРПЕБАЕВ,
КСРО теміржолының
үздігі,
құрметті теміржолшы,
ҚР ҚТЖ-ның,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы,
Қазалы тораптық
теміржолы ардагерлер
кеңесінің төрағасы

● Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 3 қыркүйекте өтетін «Бірлік», «Келарық» және «Қызылқұм» ауылдық округтерінің әкімдерін төте сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: Сәрсенбі және Сенбі күндері.

Таралымы 11097 дана

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -120 теңге.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94

E.mail: tooturankazaly@mail.ru

ШЫЛЫМҚОРЛЫҚТЫҢ МӘЖБҮРЛІ ТҮРІ

Күні кешеге дейін, шылымқорлармен қатар жүріп темекі түтінімен тыныстаған жандардың тартар азабына көңіл бөлінбей, оны болмашы нәрселерге балап келдік. Дегенмен, 1960 жылдардан бастап әлгіндей тұжырымның төркіні шындықтан түгелдей алыс жатқандығына көз жеткізе бастадық. Осы тақырыпқа байланысты өркениетті елдердің ғалымдары ғылыми зерттеу жұмыстарын бар ынта-жігерлерімен бастап кеткен-ді. Міне, сол жұмыстардың шынайы қортындылары жарияланып, ауаға тараған темекі түтінінен, темекіге әуес емес адамдардың да тартар азабы аз болмайтындығы туралы болжамдар, әлем алдында ғылыми тұрғыдан толық дәлелденді.

Бүгінгі таңда, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (одан әрі - ДДҰ) мәліметтері бойынша, өткен XX ғасырда 100 миллион адамның шылымқорлыққа байланысты, жанына жамап алған науқастан көз жұмғандығы анықталып отыр. Ал, енді осыншама адам өздерінен басқа, қаншама адамның өмірден өтуіне себепші болды, ол жағы бұқараға белгісіз болып қала бермек. Оқырманға шылымқорлықтың мәжбүрлі түрі немесе пассивті темекі шегушіліктің не екенін түсіндіріп кетелік.

Пассивті темекі шегушілік дегеніміз, темекі тартуға әсте әуес емес адамдардың ысталған темекі түтінін (сонымен қатар сигар, кальян, марихуана, тіпті электронды сигареттер) өз еркінен тыс, мәжбүрлі жағдайда тыныстауын білдіреді. Басқаша айтқанда, пассивті темекі шегушілік, темекі түтінінің қосалқы бөлігімен тыныс алуды білдіреді немесе жалпыға ортақ экологиялық темекі түтіні деген атпен де айтылады. Себебі, ашық ауада тараған темекі түтінінің, қоршаған орта мен экологияға да тигізер әсері аз емес.

Ең өкініштісі, темекі шегушілердің көпшілігі, темекі түтінінің адам денсаулығына аса қауіпті екенін біле тұра, айналаға жайылған темекінің түтінімен басқа адамдар да тыныстайтындығына бас ауырта бермейді. Темекі шегетіндермен бір үйде тұру немесе темекі тартпайтын жандардың солармен бірге жұмыс істеуі барысында, темекі түтінімен еріксіз тыныстауын, тіпті мәжбүрлі түрде шылымқорға айналуын –

«пассивті темекі шегу», еңдұрысы шылымқорлықтың мәжбүрлі түрі деп аталатындығы да, осы себептермен байланысты. Мәселен, темекіден таралатын түтіннің себебінен, қала көшелеріндегі тынымсыз қозғалыста болатын автокөліктер түтінінің улылығы, шамадан тыс артып кететіндігі де анықталып отыр.

Бір ғажабы, адам темекі шегу кезінде айналаға таралатын темекі түтінінің құрамындағы ең улыбөлігі оныңөкпесіне емес, өзін қоршаған атмосфералық ауамен араласып кетеді екен. Сондықтан темекі шегушілер бірінші кезекте, қоршаған ортаның ауасын айтарлықтай ластайды. Осыдан келіп, үйдегі немесе жұмыс орындарындағы темекі түтіні адамдар денсаулығына «кәсіби қауіп» болып табылады.

Тұтанған темекі жанып жатқан кезде, түтіннің 3 ағыны пайда болады:

- бірінші (негізгі) ағын – ішке қарай сору кезінде бүкіл темекі адамның ішкі сарайына өтеді және темекінің осы ағыны шылымқорлардың тыныс органдары арқылы еніп, ішкі ағзаларында қонақтап қалатын бөлігін құрамақ.

- екінші ағыны - темекі шегетін адам өзінен сыртқа шығаратын бөлігі.

- үшіншісі – бұл ұшы жанып тұрған сигареттен бөлініп шығатын түтін.

Екінші және үшінші ағындар бірігіп, түтіннің қосалқы бөлігін құрайды немесе оларды екінші түтін деп те атайды. Темекі шегуден пайда болатын түтіннің ең көп бөлігі де, аса улысы да, сонымен бірге, шылымқорлыққа мәжбүрленген жазықсыз жандардың үлесіне тиетіні де - осы соңғысы екен (80-90%).

“Бір есектің қырсығы қырық есекке жүк болар” - демекші, бір ғана шылымқордың шеккен «шаласынан», бір мезгілде оның айналасында отырған 4 адам бірдей зәбір шегеді. Шылымқордың өз үйінде отырып тартқан төрт түйір темекісі, жанұясындағы өзімен бірге тұратын бейкүнә баласының, не әйелінің, бір түйір темекіні толықтай тартқандығымен пара-пар екендігі анықталды. Ең қауіптісі – шылымқордың тәні 30-ға жуық табиғи улы заттардың басын құраған темекі түтініне қандай да бір төзімділік, шыдамдылық таныта алды десек, шылымқорлықтың мәжбүрлі түріне таңылғандардың

организмінде мұндай артықшылық болмайтын болып шықты. Осындай жандардың тартар азабының, белсенді шылымқорларға қарағанда қомақты болып келетін себебі де осыдан екен.

Сонымен қатар, тұтанған темекі түтінінің құрамында 4000 - ға жуық адам денсаулығына аса зиянды заттар болады десек, сол заттардың 25% - ы ауада жанып кететін болса, ендігі бір ширегі - шылымқордың үлесіне тиеді, ал әлгіндей заттардың қалған 50% - ы тағы да сол шылымқорлықтың мәжбүрлі түріне “басы байланғандардың сұранысын қанағаттандыратын” көрінеді. Бұл дегеніңіз, темекі тартуға әсте әуес емес, айналадағы барлық адамдарды да, барлық жағынан сол шылымқорлармен бір қатарға қойып қарауға болады деген сөз. Осы жайды адамдар арасындағы темекі тартудың пассивті түрі деп те атайды. Ең дұрысы, жазықсыз жандардың осылайша «шылымқорға айналуын» - шылымқорлықтың мәжбүрлі түрі деп атағанымыз жөн сияқты. Неге десеніз, күнделікті өзіміз көріп жүргендей, шылымқорлардың шекесін қысып, темекі түтініне деген қажеттілік әбден қысқан кезде, ол қандай әрекетке баруға да тайынбайды. Өзінің айналасында кім тұр, темекі түтінінен әбден зәрезап болған қария ма, жоқ әлде еңбегі бүлкілдеп жатқан сәби ме немесе жүрегі мен жанын бірге қосып сыйлауға дайын өзінің сүйіктісі ме, барлығының бағасы көк тиын! Дәл сол мезетте, шылымқорлар үшін ең басты мәселе - ол темекі тартып жеңілденсе болды. Шылымқорлар өздерінің айналасындағы адамдарға деген осындай қатігездіктің арқасында, улылығы автокөліктердің шығаратын түтінінен 4 есе улы болып есептелетін темекі түтінімен басқа жандардың да тыныс алуына және сол жандардың, көпшілік жағдайда қатерлі ісік ауруларына ұшырауларына мәжбүрлеп келеді. Бір сөзбен айтқанда, темекі тартудың мәжбүрлі түрінен қарапайым жандардың тартар азабы ұшан теңіз десек, қателеспейміз!

Шылымқорлықтың мәжбүрлі түрінен, бірінші кезекте қорғансыз жас сәбилердің өмірі қарауылға ілінеді. Статистика бойынша, жер бетіндегі өмір сүріп жатқан

700 млн. бала еріктерінен тыс шылымқорлықтың мәжбүрлі түріне тап болып отыр. Көп жағдайда, шылымқор әкенің кесірінен жас сәбилердің арасында өкпенің, бронхының және жоғарғы тыныс жолдарының қабыну аурулары өте жиі болады. Жүргізілген емдік шаралар керек кезінде көмектесе қоймайды, осыдан барып сәбилердің көбісі тумай жатып, созылмалы науқас түріне шалдығады. Ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне зер салсақ, ата-аналары шылымқор сәбилер туа біткеннен әлсіз, ауруларға деген төзімділігі өте төмен болып келеді екен. Болашақта да терең білім алып, ақыл-есі алғыр үлгірімді маман болып кетуі екіталай. Олар мұны шылымқорлықтың мәжбүрлі түріне душар болған сәбилердің психологиясына, улызаттарға аса бай темекі түтінінен айтарлықтай нұқсан келетіндігімен түсіндіріп отыр. Темекі түтіні жас сәбидің жан-жақты дамуына теріс әсерін тигізетін қатыгез фактор болып алдағы уақытта да қала бермек. Әсіресе, жас балалар арасында жиі кездесіп отыратын қатерлі ісік және аллергиялық аурулар, тікелей темекі түтінінің зияндылығымен байланыстырылады. Мәселен, бүгінгі таңдағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, барлық кездесетін қатерлі ісік ауруларының қатарын өкпенің қатерлі ісігі бастайды. Ал, енді ДДҰ-ның Бас директоры Гру Харлем Брундтланд мырзаның айтуы бойынша, өкпеде дамиды қатерлі ісіктің ең басты себебі, бұл – шылымқорлық! Егер біз темекі шегу сияқты ең сорақы әдеттен арылатын болсақ, онда адамдардың өкпе обырымен ауыру қорқынышы нөлге тең болар еді, - дейді. Бұл деген сөз, темекі шегу сияқты адами қасиетке жат әдетті ортамыздан көп болып аластай алсақ, біз миллиондаған жазықсыз жандардың өкпе обырынан өлмеуіне бірден-бір себепкер болар едік. Бір ғана, темекі түтіні таралмайтын ортадағы біздің әрқайсымыздың өміріміз, тағы да 4 жылға ұзарып жатса – бұл қандай ғанибет!

(Жалғасы бар)

Жұбан ТІЛЕУБЕРГЕНОВ,
Медицина ғылымдарының
кандидаты, профессор,
ҚР Денсаулық
сақтау ісінің үздігі,
Ақтөбе қаласы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.